

«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы»  
АҚ жаңындағы медицина колледжі

**Дәріс кешені**

**Пәні:** АП 16 СД16 «Дерматовенерология»

**Мамандығы:** 09120101 «Емдеу ісі»

**Біліктілігі:** 4S09120101 «Фельдшер»

Курс: 3/4

Семестр: 5/7

Оку түрі: күндізгі

Жалпы енбек сыйымдылығы барлық сағат/кредиттер KZ: 2/48

Аудитория: 12

Симулация: 36

<b>ОНТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Онтыстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b> <b>«Клиникалық пәндер-1» кафедрасы</b> <b>Дәріс кешені</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b> <b>67/11</b>
--	---

Дәріс кешені «Дерматовенерология» пәнінің жұмыс бағдарламасы (силлабусы) негізінде құрастырылды.

Оқытушы: Сламхан А.Ф.

Мамандығы: 09120100 - "Емдеу ісі"

Біліктілігі: 4S09120101 - "Фельдшер"

Әдістемелік нұсқаулық «Клиникалық пәндер» кафедра мәжілісінде бекітілді.

Хаттама № 1 «28» 08 2024 ж

Кафедра менгерушісі Коптаева А.К.

<b>OÝTUSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SKMA</b> <small>— 1979 —</small> <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
<b>«Клиникалық пәндер-І» кафедрасы</b>	
<b>Дәріс кешені</b>	<b>67/11</b>

### №1 Дәріс

**4.1 Дәріс тақырыбы:** Тері ауруларын диагностикалау принциптері.

**4.2. Мақсаты:** білім алушыларда науқасты тексерудің маңызды кәсіби дағдыларын қалыптастыру үшін науқасты тексерудің негізгі әдістерін, клиникалық ойлау негіздерін, негізгі клиникалық синдромдарды диагностикалау бойынша білімді менгеру.

#### 4.3. Дәріс тезисі.

Тері және венерологиялық аурулардың клиникалық көрінісі сан түрлі. Тері және венерологиялық аурулар барлық мамандық дәрістерінде кездесіп жатады. Терілік түзілістер жиі маңызды органдар мен жүйелердің функциясының озгеруіне алып келді. Тері патологиясының ерекшеліктерінің түсіну, тері ауруларының терапиясын түсіну үшін міндетті турде терінің құрылышын, тері дактардың бірнешелік және екіншілік морфологиялық элементтердің ерекшеліктерін білу керек. Терінің қорғаныс қызметі. Тері адам денесінің сыртқы жабыны болғандықтан, бірнешeden, сыртқы органдың әр түрлі зиянды әсерлерінен организмді сақтайды. Мысалы: қатты сокқы әсерлері көбінесе терінің созылыштығы арқасында зиянсыз өтеді. Терінің қысымға, сокқыға, созылуышы қарсы тұруғажағдай жасайтын солқылдақ талшықтарының созылмалы төсөтін болуы, сонымен қатар тері астындағы мүшелерді және ткандерді де закымданудан коргайды. Тері ауруларының пайда болу себебі әр түрлі.

Тері адам денесінің сыртқы жабыны болғандықтан, әрдайым түрліне сыртқы органдың әсеріне ушырайды. Олардың көбі белгілі бір жағдайда теріде патологиялық өзгерістерді туғызады, сондықтан тері ауруларының сыртқы экзогенді себебі дейміз. Екіншeden, терідегі патологиялық күбілыштар бүкіл организмнің немесе жеке азгалар мен жүйелер ауруның нәтижесінде яғни эндогендік факторлардың әсеріне дамуы мүмкін.

Тері ауруларының этиологиялық факторларын экзогендік, эндогендік деп екіге бөлу шартты жағдай. «Тері физиологиясы» деген тарауда көрсетілгендей, оның негізгі бір физиологиялық қызметі сыртқы органдың зиянды әсерлеріне қарсы тұратын қорғаныс қабилетті. Осы қорғаныс қызметі қандай да бір себептермен бұзылғандаған сыртқы орта факторлары тері ауруын туғызы мүмкін. Шынын да, тек бір ғана сыртқы фактордың әсерінен болатын тері аурулары өте сирек кездеседі, мысалы: термикалық әлде химиялық қуло.

#### Диагностика критерилері

**Шагымдар мен анамнез:** шектелген ісінүлер, флюктуация симптомы, тері гиперемиясы, ауырсынудар, дene температурасының жоғарылауы, жүрек айну және құсу, табеттің жоғалуы, күшті бас ауыру, үйқысыздық, сирек жағдайда сандырақ және естүссіз жағдай – аурудың ауыр ағымы кезінде.

#### Физикалық тексеру

Шикан кезінде – ірінді діңгек қалыптасымен ауырсынулы конустәрізді инфильтрат, инфильтрат үстінде, ортасында, кара дақты аздаған ірің жиналу байқалады (некроз). Пустула негізінен жарылады және кебеді, ал 3-7 тәуліктे ірінді инфильтрат ериді және діңгек түріндегі некроздаған тіндер шаштың калдықтарымен бірге іріңмен қоса болінеді.

Коршиқан кезінде – бастапқысында тез ұлғайатын беткейлік пустуламен кішірек қабынбалық инфильтрат пайда болады. Тіндердің ширыгуы пальпация кезіндегі кенеттен ауырсынударга алып келеді, сонымен қатар кенейген, өзіндік ауырсынудар. Инфильтрат аумағындағы тері ширықкан

<b>ONTUSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b> <b>«Клиникалық пәндер-1» кафедрасы</b> <b>Дәріс кешені</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b> <b>67/11</b>
--	---

және ісінген. Некроз ошагының үстіндегі эпидермис бірнеше жерден жарылған, бірнеше тесіктер түзіледі ("сито"), олардан қою жасыл сұр түсті ірің шыгарылады. Тесіктерде некроздалған тіндер көрінеді. Жеке тесіктер бірігеді, теріде ұлкен ақаулар түзіледі, олардан қоптеген ірің және некроздық тіндер болынеді. Температура 40 С дейін көтеріледі, аздаган уыттану байкалады (жүрек айну және құсу, тәбеттің жоғалуы, қатты бас ауырулар, үйқысызыңың, сирек жағдайда сандырақ және естүссіз жағдай).

**Инструменталдық зерттеулер:** жоқ.

**Мамандар консультациясы үшін көрсетімдер:** эндокринолог консультациясы – кантты диабетті алып тастау үшін.

**Дифференциалды диагноз:** жоқ.

#### **Негізгі және қосымша диагностикалық шаралар тізімі**

##### **Негізгі диагностикалық шаралар тізімі:**

1. Ирінді беліндіні себу.
  2. Жагындының микроскопиясы.
- 4.4. Көрнекілік құралдар:** мультимедиалық проектор (презентация)/ видеолекция

##### **4.5. Әдебиет:** Қосымша№1

##### **4.6.Бакылау сұраптары.**

1. Тері ауруларының этиологиясы, клиникалық көрінісі
2. Тері ауруларының диф диагностикасы,емі.
3. Тері ауруларының карау, зерттеу әдістері.

#### **№2 Дәріс**

##### **4.1Дәріс тақырыбы:** Псориаз.

**4.2.Мақсаты:** -білім алушыларда науқасты тексерудің маңызды кәсіби дағдыларын қалыптастыру үшін науқасты тексерудің негізгі әдістерін, клиникалық ойлау негіздерін, негізгі клиникалық синдромдарды диагностикалау бойынша білімді менгеру

##### **4.3.Дәріс тезисі.**

**Псориаз** - аяқ қолдың бұту беттерінде, бастың түкті белігінде, симметриялы орналасқан, тырнак пен буындардың закымдануы мүмкіндігімен эпидермалды папулалардың симметриялы орналасумен, мультифакториалды табигаттагы рецидивті созылмалы генотиптік дерматоз.

##### **Жіктемесі:**

1. Карапайым псориаз (вульгарлы).
2. Эксудативті псориаз.
3. Себореялы псориаз.
4. Рупиоидты псориаз.
5. Экзематоидты псориаз.
6. Сүйелді псориаз.
7. Фолликулярлы псориаз.
8. Алақан мен табан псориазы.

<b>ОНТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SKMA — 1979 —</b> <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
«Клинический пэндер-І» кафедрасы	
Даріс кешені	67/11

9. Тырнак псoriазы.
10. Пустулезді псoriаз.
11. Артропатиялық псoriаз.
12. Psoriattық эритродермия.

**Қауіп-көтерлі факторлар:** бай жанұялық анамнез, жарақат (физикалық, химиялық), эндокриндік бұзылыстар (жүктілік, менопауза), психогенді факторлар (психо-эмоционалды стресс), метаболиттік бұзылуар, инфекциялар (мысалы: бадамшадағы гемолиттік стрептококктар), кейбір дәрілік заттарды қолдану (мысалы: β-андреноблокаторлар, безекке қарсы заттар), алкогольді жиі пайдалану.

### Диагностика критерилері

#### Шағымдар мен анамнез

Шағымдар: қышу үнемі тән емес, бірақ процесстің шашты болікте және бұтаралықта орналасуы кезінде интенсивті болады; терінің тартылу сезімі; бұындардағы ауырсынулар (артропатиялық псoriаз кезінде).

Ауру анамнезі: ауру ағымы тез басталады: кезекті қатпарлар ай бойы болуы мүмкін. Тамшы тәрізді және пустулезді псoriаз үшін кенеттен басталу тән, жиірек болған инфекциялардан, ЖРА кейін.

#### Физикалық тексеру:

1. Перифериялық өсуге және түрлі көлем мен сыйықтағы бляшкаларға қосылуға бейімді, борпылдақ күмісті-ак қатпарлармен жабылған, қызғылт түсті папулалар. Бляшкалар оқшауланған, үлкен емес немесе ірі, тері жабындыларының көлемді жерін алып жатады.
2. Басым жағдайда орналасуы – аяқ пен қолдың бұгу беттерінде, (әсіреле шынтақ пен тізе), бастың түкті болігі, бел айналасы.
3. Psoriattық үштік:
  - «стеариндік дақ» феномені - қырнау кезінде кабыршақтанудың қүшесімен мінезделеді, папула бетінің стеарин тамшысымен ұқастығы;
  - «терминалды пленка» феномені - қатпарларды толық алып тастаған соң, барлық элементтерді жауып тұратын жұка үлдершек пленка түседі;
  - «қанды шық» феномені (Ауспитц феномені): әр қарай қырнау кезінде;
  - «терминалды пленка» түскеннен кейін, сулы жалаңаштанған бетте нүктелік қанағулар (тамшылық) пайда болады.
4. «Оймақ» симптомы – тырнак пластинкаларындағы нүктелік тереңдіктер. Мұнымен коса тырнақтың борпылдауы, шеттерінің сынуы, түсінің өзгеруі, қолденен және ұзынша сайлар, деформациялар, калындаулар, тырнақсты гиперкератоз.

Лабораторлық зерттеулер: тән емес.

Инструменталдық зерттеулер: тән емес.

#### Мамандар консультациясы үшін корсетімдер

Корсетімдер болса (косарланған патологиялар):

- терапевт;
- невропатолог;

<b>ОНТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b> <b>«Клиникалық пәндер-1» кафедрасы</b> <b>Дәріс кешені</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>	67/11
--	---	-------

- психотерапевт.

### **Негізгі және қосымша диагностикалық шаралар тізімі**

#### **Негізгі диагностикалық шаралар тізімі:**

1. Микрореакция.
2. Қанның жалпы анализі (6 параметр).
3. Зәрдің жалпы анализі.
4. Глисти жұмыртқасына нәжіс.

#### **Қосымша диагностикалық шаралар тізімі:**

1. АЛТ анықтау.
2. АЛТ анықтау.
3. Билирубина анықтау.
4. Қанның қанттын анықтау.
5. Құрсақ құсыны ағзаларын УДЗ.

**4. Көриекілік құралдар:** мультимедиалық проектор (презентация)/ видеолекция

**5. Әдебиет:** Қосымша№1

#### **6. Бақылау сұраптары:**

1. Псориазга анықтама.
2. Псориаз этиологиясы, клиникалық көрінісі
3. Эксудативті псориаз этиологиясы, клиникалық көрінісі
4. Артропатиялық псориаз диф диагностикасы,емі.

### **№3 Дәріс**

**4.1Дәріс тақырыбы:** Дерматит. Токсикодерма. Экзема. Пиодерма. Қышыма. Вирустық дерматоздар.

**4.2.Мақсаты:** білім алушыларда науқасты тексерудің маңызды кәсіби дағдыларын қалыптастыру үшін науқасты тексерудің негізгі әдістерін, клиникалық ойлау негіздерін, негізгі клиникалық синдромдарды диагностикалау бойынша білімді менгеру.

#### **4. 3.Дәріс тезисі.**

**Дерматиті** – қоздыратын себептердің арасында дәрі-дәрмектер, физикалық, биологиялық, химиялық және басқа да эсерлер болуы мүмкін. Клиникалық белгілерінің айқындалуы және дерматиттің ағымының ерекшеліктері тітіркендіргіштің қасиеттермен және эсер ету үзақтығына байланысты.

**Этиологиясы:** аллергиялық дерматиттің маңызында жайтүрлі типті аллергиялық реакция жатады. Аллерген болып көбінде химиялық заттар болады (кір жуатын ұнтақ, хром, никель, инсектицид), дәрі-дәрмек және косметикалық заттар (сингтомициновая эмульсия және антибиотик араласкан майлар, шаш бояйтын бояулар). Бірінші сағаттан кейін аллергениң саны теріде көбееді. Аллерген сол кезде макрофак пен байланысты болады.

Клиникалық көрінісі аллергиялық дерматитпен ұқсас: дұрыс емес бұрышты эритемамен ісіктің бойында, көптеген микровизуулалар пайда болады, жарылған соң олар сұлы микро эрозия

<b>ONTUSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
«Клиникалық пәндер-І» кафедрасы	67/11
Дәріс кешені	

болады және қабыршақты, қабықты қалдырады. Мысалы: аллергиялық дерматитте кірпік бояйтын тушық шақырылған кезде ашық эритема мен ісік терінің бетінде, мойында және жогарғы көкірек үстіндегі болады, денені қатты қышып мазалайды.

**Токсидермия** – жедел терінің токсика аллергиялық қабынуы, жіберілген затқа аллергиялық реакция, сенсибилизация қасиеті бар.

Этиологиясы: көп жағдайда токсидермияның дамуына мынау сияқты заттар (антибиотиктер, сульфаниламидтер, анальгетиктер т.б.) және тагамдар, соған байланысты оларды дәрілік және алементарлық токсидермияга болтуғе болады, және олар клиникалық түрде біркелкі отуде.

Клиникалық көрінісі: көбінде токсикодермия жайылған түрінде байкалады. Бөрітпенің марфалогиялық сипаты алуан т.рі болып байқалады. Кей жағдайда әр түрлі дакты, портикарлы, папулезды, папулезды – видикулезды түрінде қышынумен жүреді. Кей жағдайда эритродермия дамиды. Есекжем, экссудативті эритема кезінде клегей қабатында геморагиялық, булезды –эрозивті және эритематозды –ісікті бөртпелердің дамуымен де жүреді.

Жайылған түрінен басқа тағыда тұрақты токсикодермия кездеседі, көп жағдайда оның себебі сульфаниламидпен, анальгетиктердің қабылдауы. Токсикодермияның орынды түрі терінің тегіс қабатында және аузының клегей қабатында, жыныс жүйесінде орналасады. Көбінде токсикодермияның ауыр түрлері –ол эпидермальді токсикалық некролиз Лайелла және синдром Стивенса – Джонсона.

**Экзема** – өзгеше қабынған эритемоевезиулездық, терінің қышитын закымдануы, жедел басталып, кейіннен созылмалы түрде дамиды, қайталануға жиі бейім. Экземада шығатын ұсақ көпіршіктер қайнап жатқан судагы ауа көпіршіктерінің тез жарапуы еске түсіреді. Рессейлік дерматология мектебінің іргесін қалаушы А.Г.Полотенов терінің рецепторлардың функционалдық өзгерістеріне экземаны дамуына үлкен мағына береді. А.Г.Полотеновтың зерттеулерін жалғастыруши И.В.Головановтың көрсетуінше терінің әр түрлі сегіштік қасиетті экзематоздық бөрпелердің пайда болуына әкеледі. Экземамен ауырған адамдардың бүкіл организмінің аллергиялық реакцияларға. Оргалық жүйке мен эндокриндік системасының функциональдық жағдайын және ішкі органдарының патологиясын зерттеп білу қазіргі уақыттағы дерматологиядағы тән нәрсе. Қазіргі заманғы клиникалық дерматология үшін экземаның алдын алу және тиімді емдеу тәсілдері мен патогенезін бақылау маңызды мәселе болып отыр.

Этиологиясы: экземаның дамуында экзогенді роль ойнайды (химиялық заттар, дәрі-дәрмектер, ас – тагамдар және бактериальді аллергендер), сонымен қатар эндогенді (антигенді дитерминанты микроорганизмдер созылмалы инфекция ошагынан шықкан). Негізгі экземаның түрлері: нағызғы, микробты, себорейлі, мамандығына сай экзема, балалар экземасы.

Клиникалық көрінісі: нағызғы экземаның басталуы өте тез және барлық жастарада кездеседі. Жиі рецидивпен өтеді және созылмалы түріне қошаді, қайталанып өршу сатысына дейін барады.

**Микробтық экзема** екіншілік экзематизация пиодермия ошагынан, микоздардан, инфицирленген жаракаттардан, күйгеннен, свиштардан, трофикалық бұзылыстан, трофикалық жарадан аяқтардагы, лимфостаздан пайда болады.

<b>ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b> <b>«Клиникалық пәндер-1» кафедрасы</b> <b>Дәріс кешені</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>	67/11
--	---	-------

**Себорейлік экзема Pityrosporum ovale** – мен бірге журеді. Антигенді рольді кандида топты және стафилакокты шакырылады. Бұл кезде бастың шашты аймағын, мандайды, құлактың артындағы қыртысты, көкіректің жоғарғы бөлігін, екі жауырын ортасын, қол аяқ буындарын зақымдайды.

Микоздардың жіктелуі аурудың әртүрлі белгілері бойынша жүргізіледі: санырауқұлақтардың түрі мен түрі, олардың зақымдалған тіндерге ену терендігі, басым орналасуы.

Терінің санырауқұлақ ауруларының келесі түрлерін бөледі:

Кератомикоздар (мысалы, түрлі-түсті лишай). Кератомикоздар деп терінің санырауқұлақ ауруларын түсінеді, бұл кезде санырауқұлақ тек эпидермистің мүйіз қабатын зақымдайды және терінің қабыну реакциясын тудырмайды.

Дерматофитиялар. Оларға шап эпидерматофитиясы, табанның эпидерматофитиясы, руброфития, трихофития, микроспория, фавус жатады.

Кандидоз-Candida тектес санырауқұлақтар тудыратын тері, шырышты қабықтар және ішкі мүшелердің ауруы. Candida санырауқұлақтары шартты-патогенді микроорганизмдер болып саналады, себебі олар сыртқы ортада кеңінен тараған. Олардың есіү үшін оңтайлы температура - 21-27 градус, алайда олар 37 градус температурада да өседі. Мысалы, қынаптың эпителийн зақымдай отырып, санырауқұлақтар базальды қоса алғанда, оның барлық қабаттарына енеді, ал ауыз куысында олар тек беткі эпителиалды жасушаларды зақымдайды.

Терен микоздар, оның ішінде солтүстік Американдық және келоидты бластомикоз, споротрихоз, хромомикоз. Бұл аурулар тобы негізінен Оңтүстік Америка, Африка, АҚШ елдерінде тараған. Инфекция тері жаракаттары, сываттар, жарықтар кезінде орын алады. Клиникалық көрінісі әртүрлі: теріге жараның пайда болуымен ыдырауға бейім бугоркалар, түйіндер пайда болады. Олар терінің терен қабаттарын, тері асты талшықтарын, бұлшық еттер мен сүйектер мен ішкі мүшелерді зақымдай алады. Бұл өлімге жол бермейтін ауыр жалпы симптоматиканы тудырады.

Псевдомикоздар жеке топқа бөлінеді: эритразма, актиномикоз. Бастанапқыда бұл аурулар грибоктарға жатқызылды, алайда олардың қоздырыштарын негүрлім егжей-тегжейлі зерттеу оларды санырауқұлақтар мен бактериялар арасында аралық орын алатын микроорганизмдерге жатқызуға мүмкіндік берді.

#### 4.4. Көрнекілік құралдар: мультимедиалық проектор (презентация)/ видеолекция

#### 4.5. Әдебиет: Қосымша №1

#### 4.6.Бакылау сұраптары.

- 1.Микоздарга анықтама
- 2.Дерматит дегеніміз не? түрлері
3. Экзема дегеніміз не?

#### №4Дәріс

##### 4.1.Дәріс такырыбы: Өт қабы ауруы. Көп формалы экссудативті әритема.

**4.2.Мақсаты:** білім алушыларда науқасты тексерудің маңызды кәсіби дағдыларын қалыптастыру үшін науқасты тексерудің негізгі әдістерін, клиникалық ойлау негіздерін, негізгі клиникалық синдромдарды диагностикалау бойынша білімді менгеру.

##### 4.3.Дәріс тезисі.

<b>ОНТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН</b> <b>MEDISINA</b> <b>АКАДЕМИЯСЫ</b> <b>АҚ</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SKMA</b> <i>-1979-</i>	<b>SOUTH KAZAKHSTAN</b> <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
<b>«Клиническая пантер-1» кафедры</b> <b>Дәріс кешені</b>		67/11

Көп пішінді эритема / Көп формалы эритема (МЭ) – теріде қызыл-қызғылт дақтардың, папулалардың, көпіршіктердің және жаралардың пайда болуымен корінеттін иммундық ауру. Ол жануарлардың көптеген түрлерінде, тіпті адамдарда да кездеседі. Классификация Аурудың себебіне байланысты инфекциялық-аллергиялық (идиопатиялық), токсикалық-аллергиялық, сондай-ақ ішкі инфекциялық емес ауруларға байланысты, соның ішінде дәнекер тіннің және қатерлі ісіктердің аурулары, эритема көп пішінді болып жіктеледі. Сондай-ақ, адамдардағы сияқты, Стивенс-Джонсон синдромы — қатерлі экссудативті эритема мультиформасы — және ревматикалық эритема ерекшеленеді. Этиология Көп жағдайда аурудың себебі түсініксіз болып қалады (идиопатиялық эритема мультиформалы), алайда, эритеманың барлық жағдайларында, тіпті белгісіз этиологиямен де, ол иммундық дедал болып табылады деп болжанаады. Қазіргі уақытта аурудың негізгі белгілі себептері - организмнің экзогендік аллергендерге, инфекциялық агенттерге және кейбір дәрі-дәрмектерге жоғары сезімталдық реакциясы. Дәнекер тіндерді және қатерлі ісіктерді қамтитын аурулар да этиологиялық фактор ретінде қарастырылады. Жұқпалы-аллергиялық эритема пиодермиямен (стафилококктар немесе басқа көздіріштіктер), вирустық инфекциялармен дамуы мүмкін. Кейде әртүрлі препараттарды қабылдағаннан кейін эритематозды закымдану түріндегі токсикалық-аллергиялық реакциялар пайда болады, иә, цефалексинмен, сульфаниламидтермен және көптеген басқа препараттармен емдеу кезінде эритема мультиформасының даму жағдайлары тіркелген. Емдеу және алдын алу Емдеу Көп формалы эритеманы емдеу барлық жағдайларда талап етілмейді, өйткені бұл ауру көбінесе өзін-өзі емдеумен аяқталады, мысалы, кез келген дәрі-дәрмектерді қабылдаудан туындаған болса. Егер этиологиялық фактор бактериялық инфекция болса, бактерияға карсы терапияны жүргізу қажет. Кейде қышуды және қабыну процесінің карқындылығын азайту үшін кортикостероидтар (әдетте преднизолон) қажет болуы мүмкін. Қажет болса, симптоматикалық терапия тағайындалуы керек. Алдын алу Аурудың алдын алу шаралары тери ауруларын, соның ішінде қайталама бактериялық инфекцияларды бақылауды, эритема мультиформасының ықтимал себебі болып табылатын әртүрлі жұқпалы және жұқпалы емес ауруларды үакытлы диагностикалау және барабар емдеуді қамтиды. Диагностика Көп формалы эритема диагностикасы анамnez деректерін (кез келген аурулардың, соның ішінде жұқпалы немесе қатерлі ісіктердің болуы, дәрі-дәрмектерді қабылдау), клиникалық тексерудің және зертханалық зерттеулердің нәтижелерін ескере отырып жүзеге асырылады. Соңғыларының ішінде цитологиялық және гистологиялық зерттеуді ұсынуга болады, олардың біріншісі бактериялық инфекцияга құдіктенгенде қажет, ол көп жағдайда қайталама болып табылады, ал соңғысы тіннің конфигурациясындағы сипаттамалық өзгерістерге қатысты дәл диагнозды анықтауға көмектеседі. Бастапқы вирустық инфекцияның болуын құдіктенуге негіз болса, бұл болжамдарды растау немесе жоққа шығару үшін ELISA немесе ПТР диагностикасы ұсынылады. Симптомдары Мультиформалы эритеманың симптомдары – домалақ (басқа да болуы мүмкін) пішінді қызару, папула, эрозия мен ойық жарага ұласатын буллезді закымданулар (көпіршіктер), сондай-ақ симптомдардың жеңіл қызарудан ойық жарага дейін бірте-бірте дамуы және закымданудың бір түрінін болуы. мүмкін, мысалы, нысанага ұқсас сакина тәрізді қызару (каранғы жиектер және ашиқ орталық). Жануардың жалпы жағдайы аурудың себебіне және дене мүшелері мен жүйелерінің жұмысына әсер ететін ілеспе факторларға байланысты қалыпты немесе орташа және ауыр (Стивенс-Джонсон синдромы) болуы мүмкін.

#### 4.4. Қориекілік құралдар: мультимедиялық проектор (презентация)/ видеолекция

#### 4.5. Әдебиет: Қосымша№1

#### 4.6. Бақылау сұрақтары.

1. Көп пішінді эритема дегеніміз не?
2. Көп пішінді эритема кезіндегі кл иникалық өзгрістер.

<b>ОНДҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b> <b>«Клиникалық пәндер-І» кафедрасы</b> <b>Дәріс кешені</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b> <b>67/11</b>
--	---

### №5Дәріс

**4.1.Дәріс Такырыбы:** Ерін мен ауыз қуысының шырышты қабығының ісікке дейінгі аурулары.

**4.2.Мақсаты:** білім алушыларда науқасты тексерудің маңызды кәсіби дағдыларын қалыптастыру үшін науқасты тексерудің негізгі әдістерін, клиникалық ойлау негіздерін, негізгі клиникалық синдромдарды диагностикалау бойынша білімді менгеру.

#### 4.3.Дәріс тезисі.

Ауыз қуысы ауруларының белгілері

Ауыз қуысы аурулары – бұл тіс, қызыл иек пене шырышты қабықтың закымдалуын қамтитын аурулардың ауқымды тобы. Өкіннішке қарай, көп адам бұл ауруға жете мән бермейді және стоматолог қабылдауына жазылуға асықпайды. Бірақ дәл сол тіскегі адам денсаулығы мен өмірі үшін үлкен қауіп төндіруі мүмкін.

Мына симптомдар байқалған кезде медициналық көмекке жүтінген абзап:

- тіс пен қызылиектегі ауырсыну;
- қызылиектің қанауга бейімділігі;
- ауыздагы жағымсыз иіс;
- ауыз қуысындағы шырышты қабықтағы афталар (жаралар);
- төменгі жақсүйек асты түйіндердің ұлгаюы;
- ұрт пен беттің ісінуі.

Сонымен қатар дene температурасының көтерілуі, тәбет пен енбекке қабілеттілігінің жоғалуы, ойсанасының бұзылуы секілді симптомдар да болуы мүмкін.

Ауыз қуысының ауруы қандай болады

Ауыз қуысының барлық анатомиялық құрылымы мен органы эндокринді, иммунды, ас қорыту сынды басқа да жиүелермен тығыз байланыста болады. Соңықтан ішкі органдардың ауруы ауыз қуысына және керісінше, ауыз қуысындағы аурулар ішкі органдарға әсер етеді.

Жалпы ауыз қуысы ауруларын шартты түрде тістердің, шырышты қабықтың және пародонттың закымдалуы деп жіктеуге болады.

Эмаль гипоплазиясы

Сүт және тұрақты тістер эмалінің жете дамымауын гипоплазия деп атайды. Көп жағдайда бұл патология ағзадагы зат алмасудагы проблемага байланысты туындаиды және тістің пішіні мен сыртқы бейнесінің өзгеруі түрінде пайда болады. Эмальда ақышылдау түс, жырашықтар пайда болады. Гиперплазияның асқынган түрі – аплазия кезінде эмаль толығымен жоқ болып, адам жиі жағдайда тамақ ішкенде ауырсыну сезінүі мүмкін. Эмаль гипоплазиясы тіскегі, пульпит, периодонтит сынды асқынударға алып келуі, сондай-ақ тістеудің бұзылуын қалыптастыруы және тістердің патологиялық жойылуын тудыруы мүмкін.

"Тіс эмалінің гипоплазиясын емдеу кезінде оны дер кезінде анықта өте маңызды. Соңықтан кішкентай балалардың да стоматолог тексеруінен тұрақты отуі аса кажет. Егер дәрігер қандай да

<b>ОНТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Онтыстик Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
<b>«Клинический пэндер-І» кафедрасы</b>	
<b>Дәріс кешені</b>	
<b>67/11</b>	

бір өзгеріс байқаса, баланы есепке қойып, оны жіті бакылайды", - дейді стоматолог дәрігер Олеся Кудоярова.

Эмаль гипоплазиясын емдеудің қандай әдісі бар? Ең алдымен, бұл тістерді реминерализациялау (тіндерді кальций және фторидпен қанықтыру), эмальді тегістеу, ақауларды пломбалау. Эмаль мен дентиннің айқын көрінетін ақауларын жасыру үшін металл-керамикалық қаптамалар немесе винирын орнатуды қамтитын ортопедиялық емдеу тағайындалады.

#### Эмаль аплазиясы

Тіс эмалінің аплазиясы – бұл тістерде эмаль толығымен немесе ішінара жоқ болатын гипоплазияның ауыр түрі. Сондай-ақ тіс эмалінің аплазиясы өздігінен туындағын патология болуы да мүмкін. Аплазия кезінде эмаль семіп, өзінің барлық қорғаныс функциясын жоғалтады. Бұл ыстық немесе салқын сусынға гиперсезімталдылықтан бөлек, бүкіл тістің уақыт өте келе бұзылуына алып келеді.

#### Флюороз

Флюороз – бұл ағзага фтордың шамадан тыс көп мөлшерде тұсуімен байланысты тістердің закымдалуы. Осының салдаарынан тістерде ақ немесе сары-қоңыр дақ пайда болады. Флюороздың ең ауыр түрі тістің бұзылуы мен тусуіне алып келеді.

Өз өнірініздең ауыз суга мән берініз. Егер оның құрамында фтор көп болса, онда тіс эмалінде алдымен дақ пайда болып, кейін ол қуысқа айналады және тіс бүліне бастайды. Флюороз сұт тістерді де, тұракты тістерді де закымдай алады.

Флюороздың бірінші сатысында тіс эмалінде түсі өзгерген участеклер (сызық, жолак) пайда болады. Эмаль өз жылтырын жоғалтып, бұжырлана бастайды. Науқас ыстық немесе салқын тағамға сезімталдылыққа, тістердің сынғыштығы мен бүлінуіне, тіскегінің көп пайда болуына шашағымдануы мүмкін. Патология асқынған сайын закымдалған участеклер кеңейіп, эмаль сары немесе қоңыр түске өзгере бастайды.

Флюорозды емдеу тіс эмалі қаншалықты закымдалғанына байланысты болады. Бастапқы сатыда тістерді реминерализациялау арқылы жеңіл ағарту көмектесуі мүмкін. Егер дентинге закым келсе, онда металл-керамикалық қаптама немесе винир орнату қажет болады. Бұл эстетикалық проблеманы шешіп қана қоймай, сондай-ақ тісті сыртқы әсерден және закымдалудан қорғайды.

#### Тіскегі

Тіскегі – тістердің бұзылуының патологиялық процесі және балалар мен ересектерде тіс тұсуінің ең көп таралған себебі. Алдымен эмаль, содан кейін дентин закымдалады да, тіскегі тіс пульпасына ("жүйкесіне") жеткенде асқыну пайда болады.

Тіскегінің ең қын тұсы – оны бастапқы сатыдан "колға тұсіру" күрделі. Адамдар тіс ауырып, бұзыла бастаған кезде гана проблеманы байқайды. Ал бұл аурудың асқынған сатысына жатады. Сондыктан мына симптомдарға баса назар аудару керек:

- ауыздан шығатын жагымсыз иіс;
- эмаль түсінің өзгеруі;
- салқын, ыстық немесе тәттіге жоғары сезімталдылық.

"Тіскегінің алдын алу үшін қаралайым жеті ережені есте сақтау керек, - дейді стоматолог Олеся Кудоярова. - 1. Тіс щеткасын 2-3 ай сайын ауыстырып отыру керек. 2. Тісті міндепті түрде

<b>ОНДҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
<b>«Клиникалық пәндер-І» кафедрасы</b>	
<b>Дәріс кешені</b>	
<b>67/11</b>	

танертең және кешке тазалау керек. 3. Тамақтанғаннан кейін тіс жібін қолданған дұрыс. 4. Шырын мен лимонадты түтікше арқылы ішу керек. 5. Тәттілердің орнына жеміс жеген абзал. 6. Тамақтанғаннан кейін 1-2 минут сағыз шайнау тістерінізді тазалайды. 7. Жылына екі рет стоматолог дәрігердің тексеруінен өтү қажет".

#### Пульпит

Тістің жұмсақ тіндері – пульпалардың (кантамыр-жүйке шоғыры) қабынуын пульпит деп атайды. Көп жағдайда пульпит дер кезінде емдемеу салдарынан тіскегінің асқынуы түрінде кездеседі. Пульпittі созылмалы және ауыр деп жіктейді.

Ауыр пульпит симптомдары: өткір әрі сыйзататын ауырсынулар. Ол химиялық және температуралық әсер кезінде гана емес, тітіркендіргіш жойылғаннан кейін де ұзақ уақыт бойы сакталады және тіпті үдейді. Кейде тіс күні бойы ауырады да, түнге карай одан бетер өршиді. Ауырсыну самайға, жаққа қарай өтуі мүмкін. Тістің тақылдату кезінде оның сезімтәлділігі төмен немесе мулде жоқ екені байқалады. Егер ауыр пульпittі емдемесе, ол созылмалы пульпитке айналады, - дейді стоматолог дәрігер Олеся Кудоярова.

Пульпит кезінде тез арада стоматологқа қаралу керек. Дәрігер зақымдалған тіндерді, қабынған жүйкені алып тастап, жара орнын шайып, емдеп, арналарды пломбалайды. Егер ауруханаға баруды кейінгө калдыра берсеңіз, пульпит перидонтитке айналуы мүмкін. Ал ол көп жағдайда емдеуге келмейді және тістің жұлуға себепші болады.

#### Периодонтит

Периодонтит – бұл тістің айналасын қоршал тұрған біріктіруші тіннің қабыну процесі. Периодонтиттің үш түрі бар: инфекциялық (тіскегі немесе пульпittің асқынуы салдарынан тіс арналарынан инфекция таралады), жаракатты (кattы сокқы немесе жаракат алудан кейін пайда болады) және ретроградты (патогенді микрофлора кан түйіндері арқылы өтегін сирек кездесетін түрі).

Периодонтиттің ең жиі кездесетін симптомдары ретінде әсіресе түн уақытында асқынатын солқылдан немесе сыйзап ауруын, ауру тістің басқа тістердің биік тұрғандай сезілуін атауға болады.

Егер периодонтитті осы сатыда емдеп бастааса, онда ауру созылмалы түрге көшіп, ірің немесе киста пайда болады. Периодонтиттің созылмалы түрінде қызылиек ісіп, қанай бастайды, тіс орнынан қозгалып, түсіп қалуы мүмкін.

Периодонтитті емдеу оның сатысы мен түріне байланысты болады. Бастапқы сатыда тұбір арналар тазаланып, бактерияға қарсы құралдармен өндөледі. Арналар толық тазартылғаннан кейін дәрігер пломба қояды. Егер ауру асқынған болса, хирургиялық емдеу әдісі қолданылуы мүмкін.

#### Периостит

Периостит (флюс) – бұл инфекциялық қабыну процесі. Соның салдарынан сүйек қабығы үстінде ірің пайда болып, абсцесс туындаиды. Науқастың қызылиегі мен беті ісіп, мойындағы кан түйіндері үлгяды және ол мандағай қарай өршип бара жатқан ауырсынуға щашагынданады.

Периоститке стафилокок пен стрептокок себепші болады. Олар асқынған тіскегі, созылмалы периодонтит, альвеолит, асқынған пародонтит, сонымен катар созылмалы гайморит пен тонзиллит кезінде тіс арқылы сүйек қабығына ене алады. Тону, күйзеліс немесе иммунитет әлсіреу кезінде қабыну ошагында ірің жиналып, абсцесс немесе терең жара пайда болып, ірің сыртқа ұмтылады.

<b>OÝTÝSTIK-QAZAQSTAN</b> <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SKMA</b> <small>-1979-</small>	<b>SOUTH KAZAKHSTAN</b> <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
<b>«Клиникалық пәндер-1» кафедрасы</b> <b>Дәріс кешені</b>		67/11

Перисотитті емдеу кезінде ауырган аумакқа жансыздандыратын дәрі егіп, дәрігер қызылиекті аздал тіледі де, ірінді сыртқа шыгарады, содан кейін дренаж орнатып, периостит ошагы толығымен тазаруын қамтамасыз етеді. Егер тісті емдеу мүмкін болмаса, оны жұлады. Сонымен қатар антибиотиктер, қабынуға қарсы және ауруды басатын препараттар тағайындалады.

"Ірінді ісікті өз бетінше емдеу жақ остеомиелиті немесе бет пен мойындағы жұмсақ тіндер флегмоны сынды ауыр жағдайға алып келуі мүмкін екенін есте ұстau керек. Сондықтан жылыту компресстерін жасауга, антибиотиктерді бей-берекет ішүге тыйым салынады. Тез арада дәрігерге қаралу керек", - дейді маман.

#### Tіc кистасы

"Киста деген тіс тубірінің жоғары жағындағы "ірінді қапшық" немесе тубір айналасындағы сүйектің қабынуын білдіреді. Асқынган тіскегі немесе тістің закымдалуы, күшті инфекция немесе нашар емделген тіс арналары арқылы тубір арналарына түскен микроб тіс кистасына себепші болады. Науқас тістеу кезіндегі ауырсынуға, ауру тістің өзге тістерден биік тұргандай сезілуіне, тіс тубіріндегі тінді басқанда ауырсынуға шағымдануы мүмкін. Мұндай патология тез арада емдеу жүргізуі қажет етеді. Себебі адам өміріне қауіп төндіру мүмкін абсолюттес немесе жақ-бет аумағының флегмоны сынды асқынудың алдын алу қажет", - дейді стоматолог дәрігер Олеся Кудоярова.

#### Ауыз қуысындағы шырышты қабық аурулары

Бұл өздігінен туындастын немесе басқа патологиялардың симптомы ретінде туындастын аурулардың көңіл түрі. Ауыз қуысындағы шырышты қабық ауруларына глоссит, хейлит, лейкоплакия жатады.

#### Стоматит

Стоматит - балалар мен ересектерге тән шырышты қабықтың қабынуы. Көп жағдайда стоматит бактериялық, вирусты немесе зенді сипатта болады. Қылышықтары катты, тырнайтын тіс щеткасы, нашар бекітілген брекеттер немесе тіс қантамалары, ұрт пен ерінді тістеу әдеті стоматитке әкелуі мүмкін.

Жи жағдайда стоматит ұрт ішінде, тілдің немесе қызыл ісектің ішкі бетіндегі қышитын ашық қызыл немесе ақшыл қабықша жапкан жара немесе эрозия түрінде кездеседі. Науқас ұрттың дызылдан ауруы мен ісінуіне, аузынан жағымсыз іс шығуына, тагам шайнағанда және жұтқанда ауырсынуға шағымдануы мүмкін. Асқынган жағдайда температура көтеріліп, үйқы бұзылуы мүмкін, адам ашуланшак болуы да ықтимал.

Ересектердегі стоматитті емдеу закымданған аумакқа антисептик қолданумен, тіндердің жазылуын жеделдететін қуралдармен жүргізіледі. Сонымен қатар, қажет болса, дәрігер антибиотиктер мен вируска қарсы препараттар тағайындауы мүмкін.

#### Глоссит

Глоссит – бұл тілдің қабынуы. Ол жаракат (мысалы, күю) салдарынан немесе ауру қоздырғыш мироагзалар салдарынан немесе қандай да бір жүйелі ауру симптомы ретінде пайда болуы мүмкін. Глоссит көп жағдайда ауыз қуысындағы жайсыздық немесе дызылдан ауру түрінде байқалады.

Адамның тілі ашық қызыл түске боялып, біршама ісінеді және сілекей көп мөлшерде болінуі мүмкін. Адамның дәм сезуі жогалып, тамактану немесе сойлеу кезінде аузы ауыруы мүмкін.

<b>ОНТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ АҚ</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b> <b>«Клиникалық пәндер-І» кафедрасы</b> <b>Дәріс кешені</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>	<b>67/11</b>
---	---	--------------

Глосситті емдеу үшін шаю мен компресс жасау үшін антисептикалық және қабынуға карсы препараттар, сондай-ақ зақымдалған тіндердің қалпына келуін жеделдету үшін А витамині тағайындалады.

#### Хейлит

Хейлит (немесе хейлоз) — бұл ауру кезінде ерін жарылып, қабыршықтанба бастайды, ал ауыз шетінде ауыздықтар пайда болады. Оған жел мен күннің әсері, аллергиялық реакция, тері зақымдалатын созылмалы аурулар (дерматит, псoriasis және баска), эндокринді патологиялар немесе зенді зақымданулар себеп болуы мүмкін.

Хейлітті емдеу кезінде бастапқы себепті жою аса маңызды. Сонымен қатар дәрігер физиотерапия (лазер, ультрадыбыс, электрофорез), иммунотерапия және А, С, В тобындағы витаминдерді қабылдауды тағайындауы мүмкін. Аллергиялық реакция жағдайында ашы, тұзды, ысталған және маринадталған тағамдарды жеуді азайту қажет.

#### Ауыз қуысы лейкоплакиясы

Ауыз қуысы лейкоплакиясы – темекі шегу сынды агрессивті факторлардың салдарынан шырышты қабыктың қабыршықтануы. Бұл обыралды жағдай болып саналытындықтан, міндетті түрде емдеуді қажет етеді.

Жиі жағдайда ауыз қуысының лейкоплакиясы ауыздың шырышты қабықтағы ақшыл, сұр немесе қызыл түйіншектер, бұдір немесе қабыршақты учаскелер түрінде пайда болады. Науқас ауырсыну немесе жайсыздықты сезінбегендіктен дәрігерге баруға асықпайды.

Лейкоплакияның туындау себебі әлі күнге дейін накты анықталмаған. Темекі шегу, алкоголь, шырышты қабыктың созылмалы жарақаты, адам папилломасы вирусы, қатты ыстық немесе тым ашы тағамды жиі тұтыну, асказан-әшек жолдар немесе эндокринді жүйе ауруы, ағзада темір мен А витаминінің жетіспеуі және тұқым куалаушылық факторды осы ауруды асқындыруышы фактор ретінде атауға болады.

Лейкоплакияны емдеу оның туындауының бастапқы себептерін (никотин мен ішімдікten, ашы және ыстық тағам және сусыннан бас тарту, тістеуді қалпына келтіру, тісті емдей, жарықшақтарды реттеу) жоңды қамтиды. Ауыздың шырышты қабыктың зақымдалған учаскелеріне емдел жазатын құралдар жағылады.

#### Пародонт аурулары

Пародонт – тісті қоршап тұрган және оны өз орнында ұстап тұрган тіндер кешені: қызылиек, тіс-қызылиекті байланыс, периодонт, тубір цементі және сүйек тіні. Пародонт ауруларына қатарына мыналар жатады: гингивит, пародонтит және пародонтоз.

#### Гингивит

Гингивит – бұл жиі жағдайда ауыз қуысы гигиенасының жетіспеушілігі немесе тұрақсыздығы салдарынан туындағының қызылиектің қабынуы. Ауру тудыратын микроагзалар тіс өңзі және тіс тасында жиналып, қабыну процесін тудырады.

Гингивит кезінде қабыну қызылиектің тек үстінгі бетіне қатысты болады. Сондықтан қанауга бейімділік, қызылиектің ісінүі, басу кезінде аздаган ауырсыну немесе жайсыздық, ауыздан жағымсыз ііс шығуы болуы мүмкін. Егер емдеуді бастамаса, қабыну одан әрі асқынып, пародонтқа да қатысты болады.

ОҢТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASTY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>  <b>«Клиникалық пәндер-1» кафедрасы</b> Дәріс кешені	<b>SOUTH KAZAKHSTAN</b> <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b> 67/11
--	---

"Гингивитті емдеу кезінде әдетте кәсіби тазалау немесе тіс тасын алғып тастау, сондай-ақ қабынуға қарсы препараттар тағайындау қарастырылады", - дейді стоматолог.

Пародонтит және пародонтоз

"Кеп жағдайда науқастар пародонтит пен пародонтозды шатастырып жатады. Пародонтит – пародонт тіндерінің қабыну ауруы және соның салдарынан қызылиектің қанауға бейімділігі мен тіс түбірінің біртіндегі ашылуы және тістің орнынан қозғалуы мен жұлдынуы тіркеледі. Пародонтоз – бұл пародонттың қабынусызың закымдалуы және ол жағдайда қызылиектің шырыштың қабығы мен жактың сүйек тіні келе-келе кеміріле бастайды. Тіс тіндерін бірнеше жыл бойы закымдайтын пародонтитке қарғанда пародонтоз ете баю дамиды және ондаған жылдарға созылуды мүмкін. Науқас өзінде қызылиек ауруы бар екенін білмеуі де мүмкін. Ауыз куысының басқа ауруларымен салыстырганда пародонтоз ете сирек кездеседі.

Бұл аурулардың туындаудың мыналар себеп болуы мүмкін:

- нашар гигиена,
- сілекей құрамы,
- қан тамырлары аурулары,
- ағзадагы гормоналды өзгерістер,
- қант диабеті,
- генетикалық бейімділік және тағы басқа.

#### 4.4. Көрнекілік құралдар: мультимедиялық проектор (презентация)/ видеолекция

#### 4.5. Әдебиет: Қосымша№1

#### 4.6.Бақылау сұраптары.

1. Негізгі шағымдар АОЖ және 12 елі ішек жарасы
2. Ауырсыну кашан АОЖ және 12 елі ішекте болады?
3. АОЖ және 12 елі ішек жарасының пайда болу себептері қандай?
4. АОЖ және 12 елі ішек жарасы диагнозын қою үшін қандай ауруларды тағайындау керек.
5. АОЖ және 12 елі ішек жарасының асқынулары қандай?.

#### №6 Дәріс

#### 4.1.Дәріс тақырыбы: Жыныстық жолмен берілетін аурулар. АИТВ инфекциясы (дерматологиялық аспектілер).

#### 4.2.Мақсаты: білім алушыларда науқасты тексерудің маңызды кәсіби дагдыларын қалыптастыру үшін науқасты тексерудің негізгі әдістерін, клиникалық ойлау негіздерін, негізгі клиникалық синдромдарды диагностикалау бойынша білімді менгеру.

#### 4. 3.Дәріс тезисі.

<b>ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SKMA</b> <i>-1979-</i>	<b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
«Клиникалық пәндер-1» кафедрасы		67/11
Дәріс кешені		

Жыныстық жолмен берілетін инфекцияларға генитальды ұшық, мерез, соз ауруы, хламидиоз, уреоплазма аурулары жатады. Мерез, генитальды ұшықтар жара шыгу арқылы байқалса, ал соз, хламидиоз аурулары симптомсыз өтеді. Сондықтан АИТВ шалдыққандарда аталған инфекциялар анықталуы мүмкін, сол себепті аталған инфекцияларға тексерілуге міндетті. Егер адамда ЖӘБЖ әсіресе АИТВ бар болатын болса, онда серіктесіне аурудың жүргізу ықтималдығы жоғары болады. Соңғы жылдары ЖӘБЖ шалдығушылар саны артуда және дәрілік препараттарға төзімділік байқалуда. ЖӘБЖ ерекшелігі оның жұққыштығының жоғарылығында және адам денсаулығына тигізетін әсерінің көптігінде. Егер адамдар өз ағзасынан жыныс жолынан істі ылғалды бөліністі байқаса, жара шықса, қышыну, ауру сезімдерін байқаса дереу дәрігерге каралу қажет. Тиісті талдаулардан кейін анықталған инфекцияға сәйкес ем тағайындалады. Егер дәрігерге каралмай өздігінен емделген жағдайда диагнозды нақтылауды қындағатады. ЖӘБЖ шалдыққандар уақытылы емделмесе әйелдерде жүктілік кезінде түссікке, бедеулікке, әр түрлі гармоналды бұзылыстарға әкеледі. Көп жағдайда АИТВ инфекциясы да ЖӘБЖ да жасырын түрде өтіп созылмалы ағымға әкеледі. Себебі АИТВ инфекциясы жүқтүрганнан кейін 3 айға дейін анықталмайды, жасырын өтеді. Ауруды АИТВ тестілеу арқылы ғана анықтауға болады.

ЖӘБЖ кезінде ағзаның өзін –өзі емдеуі журмейді. Ал егер белгілі бір кезде симптомдар жоғалып кетсе - үл аурудың жасырын түріне ауысқан белгісі болып табылады. Сондықтан да инфекциялар негұрлым өртеге анықталса, сол ғұрлым инфекциялардан емделуге және оның асқынуын болдырмауға мол мүмкіндік болмақ.

Жыныстық жолмен берілетін жұқпаларға жеке тоқталсақ:

Соз( гонорея) ауруы- жыныстық жолмен берілетін ауру. Үл ауру ерлер және әйелдер гонореясы болып бөлінеді. Ерлер гонореясында аурудың белгілері 3-5 күн аралығында байқалады, бастапқы кезде несепагардың алдыңғы бөлігінде қышу, ашу сезімі байқалады, кейіннен ірінді бөліністенр болінеді. Егер осы кезде емделмесе қынқа инфекция тереңде, созылмалы ағымға ұласады. Ал әйелдерде жүргі жолдары жыныстық жолдан басқа, тұтыну заттары арқылы да жүгады. Ол әйелдердің жыныс мүшелерінің анатомиялық ерекшелігіне байланысты. Жедел кезеңде несепагар өзегі ауырады, қызарады, бөліністер болінеді. Дер кезінде емделмесе жатыр мойнын закымдап, жүктілік кезінде қындықтарға, асқынуларға әкелуі мүмкін.

Мерез (сифилис)- жыныстық жолмен жүгатын ауру, асқынумен отетін ауру. Үл аурудың клиникасында жыныс мүшелерінде катты шанкр және денеге бөртпе шыгады. Егер дер кезінде емделмесе созылмалы ағымға ұласады.

Гениталдық герпес –жыныс мүшелеріне шыгатын ұшықты вирустан туындағын ауру. Денеде везикулезді бөртпелер шыгады, кейіннен ойықты жарага ұласып, нерв талшықтарына әсер өтеді. Генитальды герпес түкім куалайтын ауруларға жатады, себебі ол анадан балага жүгады.

<b>ОНТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
<b>«Клиникалық пәндер-І» кафедрасы</b> <b>Дәріс кешені</b>	
<b>67/11</b>	

АИТВ инфекциясына шалдыққандарда бұл аурулар анықталуы мүмкін, себебі иммундық жүйенің қызметі төмендегендеге кез адам ағасы келген ауруға бейім болады.

Корыта келе жеке бастың тазалығын сақтап, қорғалмаған жыныстық қатынасташ, зиянды әдтеттерден аулақ болған жағдайда кез келген аурудың алдын алуға болады.

**4.4. Көриекілік құралдар:** мультимедиялық проектор (презентация)/ видеолекция

**4.5. Эдебиет:** Қосымша№1

**4.6. Бақылау сұрақтары.**

1. Жыныстық жолмен берілетін ауруларды атаңыз?
2. Мерезге анақытама?
3. АИТВ инфекциясының этиологиясы.
4. Гениталдық герпес дегеніміз не?